

ҚОР МЕН ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАР ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ТОЛЫҚ ЕМЕС ТІЗІМІ КЕЛЕСІДЕЙ

Стратегиялық тәуекелдер:

Стратегиялық тәуекелдер: ішкі және сыртқы болып табылады, соның ішінде жобаның классикалық тәуекелдері, мысалы, кідірістер мен күрделі шығындардың артуы, сондай-ақ инфляция, валютаның ауытқуы және логистикалық мәселелер сияқты сыртқы факторлар. Тәуекелдерді сәйкестендіру және барынша азайту процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады және оларды барынша азайту бойынша шаралар әзірленеді.

Беделге нұқсан келтіру қаупі. Әр түрлі мүдделі тараптардың қор мен портфельдік компанияларды ықтимал теріс қабылдауын қамтиды. Бұл тәуекелді басқару жалпы имидждік және коммуникациялық саясатты әзірлеу және қолдау, сондай-ақ Қор мен Портфельдік компаниялардың мінез-құлқының заңнамалық және этикалық нормаларын сақтау арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық тәуекелдер:

Өтімділік тәуекелдері және келісім/листинг талаптарын бұзу. Олар компанияның өз қызметін қаржыландыруға және міндеттемелерді орындауға қабілетсіздігі кезінде пайда болады. Бұл тәуекелдерді басқару қарыздық жүктеменің лимиттерін және қаржылық тұрақтылықты жақсарту үшін әртүрлі шараларды белгілеуді және бақылауды қамтиды.

Операциялық тәуекелдер:

Әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі - Қор қызметкерлері мен Портфельдік компаниялардың әртүрлі топтарының әлеуметтік шиеленістерімен байланысты тәуекел. Әлеуметтік тұрақтылық тәуекелінің жай-күйін қадағалау үшін әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы Қор Тобының еңбек ұжымындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жыл сайын негізде талдайды. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын мониторингілеу және реттеу мақсатында Қор тобы қызметкерлерінің шағымдары мен өтініштеріне мониторинг жүргізіледі. Қор

портфельдік компаниялармен, республикалық және жергілікті билік органдарымен бірлесіп қызметкерлердің әл-ауқатын жақсарту және туындайтын мәселелерді шешу жөніндегі жүйелі шараларды пысықтайды.

Жазатайым оқиғалар қаупі - Қордың өндірістік Портфельдік компаниялары үшін негізгі тәуекелдердің бірі. 4 бағыт бойынша 33 нақты іс-шарадан тұратын 2024 жылға арналған Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді: Адамдар, Жабдықтар, Төтенше жағдайлардың алдын алу, Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.

2024 жылдың қаңтарында апаттарға (төтенше жағдайларға), екі және одан да көп зардап шеккендердің жазатайым оқиғаларына, халықтың қаза болуына, сондай-ақ қоршаған ортаның елеулі ластануына әкеп соғуы мүмкін сыни тәуекелдердің тізбесі қалыптасты. Апаттар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша тиісті жүйелі шаралар қабылдау қажеттігі туралы тапсырма берілді.

Киберқауіпсіздік тәуекелдері, кибершабуылдар - кибершабуылдарды, жүйелерді бұзуды, деректердің таралуы немесе ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзге де инциденттерді жүзеге асыру мүмкіндігімен байланысты тәуекел. Киберқауіпсіздік тәуекелдері мен кибершабуылдарды митигациялау мақсатында басқарудың үш деңгейінде шаралар қабылданады: Қор деңгейінде ұзақ мерзімді саясатты құруға және тиісті бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық бастамалар әзірленеді; Портфельдік компаниялар деңгейінде деректерді қорғаудың және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің орталықтандырылған процестері енгізіледі; ЕТҰ деңгейінде жедел ден қою және жергілікті деңгейде қауіпсіздік жағдайын бақылау жүзеге асырылады.

Қоғамдық кеңес

«Самұрық-Қазына» АҚ қоғамдық кеңесі - бұл консультативтік-кеңесші, бақылаушы орган. Азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру, Қор қызметінің есептілігі мен ашықтығын арттыру үшін құрылған. Кеңес қызметінің саласына Қордың корпоративтік басқаруын одан әрі дамыту; адами капиталды дамыту; экономикалық саясат бойынша кешенді талдау, үрдістерді болжау

және тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық материалдарды зерттеу, дайындау және ұсыныстар әзірлеу кіреді. Қоғамдық кеңес өз жұмысының жылдарында Директорлар кеңесі мен басқарманы алмастырмай, қабылданған шешімдердің алқалылығы, жариялылығы мен ашықтығы арқасында «Самұрық-Қазына» АҚ транспаренттілігін қамтамасыз етудің маңызды элементіне айналды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Қордың Қоғамдық Кеңесінің отырыстары Қордың және оның ұлттық компанияларының қызметі туралы есептерді тыңдау нысанында өтеді, бұл қоғамдық бақылаудың тиімді тетігін қамтамасыз етеді. Жұмыс нәтижелері туралы есепті тыңдау қаралып отырған мәселеге жетекшілік ететін басқарушы директордың баяндамасын және Қордың Қоғамдық кеңесі төрағасының қосымша баяндамасын қамтиды. Тыңдау қорытындысы бойынша Қор мен оның компанияларының жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар қабылданады. Қордың Қоғамдық кеңесі қызметінің мақсаты азаматтық қоғамның мүдделерін қорғау, сындарлы диалогты дамыту, қоғамдық пікірлерді жинау және есепке алу, сондай-ақ Қордың даму стратегиялары мен жоспарларына қоғамдық мониторинг жүргізу және оны жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады. Қоғамдық кеңестің Төрағасы мен мүшелері корпоративтік басқару, заңнама, медиа, ғылым және экономика сияқты әртүрлі салалардағы сарапшылардың білікті құрамы болып табылады. Олардың тәжірибесі мен кәсіби дағдылары кеңестің міндеттерін шешуге көп қырлы көзқарасқа ықпал етеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің әрбір отырысына сыртқы сарапшылар, қоғамдық пікір көшбасшылары, қоғам қайраткерлері және басқа да мүдделі тараптар тартылады. Бұл тәжірибе диалогқа

көзқарастар мен тәсілдердің жан-жақтылығын енгізе отырып, талқыланатын мәселелер бойынша құзыреттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл Қор мен оның портфельдік компанияларының жұмысының негізінде жатқан негізгі тақырыптар мен бастамаларды тереңірек талдауға және жан-жақты қарастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің қызметі шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін ашық аккредиттеу жүзеге асырылады. Бұл тәсіл Кеңес жұмысының ашықтығын қамтамасыз етеді және журналистер мен медиа ұйымдарды қоса алғанда, қалың жұртшылық үшін отырыстардың барысы мен нәтижелері, сондай-ақ Қордың негізгі бастамалары мен жобалары туралы тікелей ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Сыртқы сарапшылар мен БАҚ өкілдерін тарту қоғаммен ашықтық пен сындарлы диалогты қамтамасыз етеді, бұл Қордың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыруда жұртшылықты түсінуді және қолдауды нығайтады.

2024 жылдың желтоқсанында Қоғамдық кеңестің өкілеттік мерзімі аяқталды. Осыған байланысты байқау өткізілді, оның қорытындысы бойынша 15 адамнан тұратын жаңа құрам 2025 жылғы 8 ақпан күні бекітілді.

Азаматтық қоғам өкілдері

Қоғамдық Кеңестің төрағасы:

- Жәмішев Болат Бидахметұлы

Қордың Қоғамдық кеңесінің мүшелері:

- Булавкина Ольга Александровна - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты;
- Тәжібаева Ирина Лашкаровна - Ядролық технологиялар қауіпсіздігі орталығының атқарушы директоры;
- Білісбеков Асқар Ерғалиұлы - «Byb Capital Ltd.» инвестициялық қордың тең құрылтайшысы, басқарушы серіктесі;
- Қыдырбаев Досым Хамитұлы - «Rakurs Consulting Group» ЖШС-нің басқарушы серіктесі;
- Жакитова Шолпан Сапарғалиқызы - Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының спикері;
- Сакуов Нұрлан Нұртазаұлы - ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының экономика жөніндегі орынбасары;
- Бәйділдинов Олжас Қажымұратұлы - «Almex Polymer» ЖШС Бас директоры, Қазақстан

Республикасы Энергетика министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі, ҚР Парламенті Сенаты жанындағы Сарапшылар клубының мүшесі;

- Алдамберген Алина Өтемісқызы - «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқарма төрағасы;
 - Галиев Владислав Германович - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің кеңесшісі;
 - Әбдиев Ерлан Тұрсынбайұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі, «Инклюзивті парламент» депутаттық тобының жетекшісі;
 - Пономарев Сергей Михайлович - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экология және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі.
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері:**
- Рысқұлов Айдар Қайратұлы - Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі;
 - Ауғанов Гибрат Қайратұлы - Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директор.

2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2024 жылы «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесі Қордың компаниялар тобының қызметіне ашықтықты, есептілікті және қоғамдық бақылауды күшейту бойынша белсенді жұмысты жалғастырды. Жыл ішінде алты негізгі отырыс өткізілді, оның барысында қызметтің маңызды бағыттары - жылдық есеп беру мен сатып алу

рәсімдерінен бастап қайырымдылық қызметі мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға дейін талқыланды. Кеңес тәжірибесінде алғаш рет сатып алу мәселелері бойынша отырыс қоғамдық консультациялар форматында ұйымдастырылды, бұл жалпы жұртшылық пен бизнес-қоғамдастықты жүйелік мәселелерді талқылауға тартуға мүмкіндік берді.

Тұрақты даму және басым инфрақұрылымдық бастамаларды іске асыру барысы мәселелеріне ерекше назар аударылды. Кеңес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ сияқты негізгі ұлттық компаниялардың есептерін тыңдады. Сонымен қатар, 2024 жылы өңірлерге Қоғамдық кеңестің көшпелі отырыстары ұйымдастырылды, бұл Қордың еншілес компанияларының жергілікті жерлердегі қызметімен танысуға ғана емес, сонымен қатар неғұрлым мазмұнды және тәжірибеге бағдарланған ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Осылайша, 5 сәуірде Атырау қаласында Кеңес төрағасы Болат Жәмішевтің қатысуымен Қоғамдық кеңестің көшпелі отырысы өтті. Сапардың бай бағдарламасы аясында делегация негізгі өндірістік нысандарды, соның ішінде Karabatan Utility Solutions компаниясын, Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. газ-химия кешенін аралады, онда зертхана, пропанды дегидрлеу және полипропилен өндіру қондырғылары, сондай-ақ дайын өнім қоймасы қаралды. Сондай-ақ, газ өңдеу зауыты мен сығымдау компрессорлық станциясының құрылыс алаңына экскурсия жүргізілді. Қоғамдық кеңестің отырысы газ-химия кешенінің орталық операторлық базасында

өтті және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «QazaqGaz» баяндамаларын тыңдауды қамтыды. Сапар қорытындысы бойынша өңірдің мұнай-газ инфрақұрылымын тұрақты дамыту және одан әрі дамыту мәселелері бойынша нақты ұсынымдар әзірленді.

29 шілдеде Екібастұз қаласында электр энергетикасы мәселелеріне арналған кезекті көшпелі отырыс өтті. Қоғамдық кеңес мүшелері көмір өндірудің циклдік-ағындық технологиясының жобасы іске асырылатын «Богатырь» қимасында жаңа технологиялардың енгізілуімен танысты, сондай-ақ Екібастұз жылу электр орталығына (ЖЭО), Екібастұз мемлекеттік аудандық электр станциясына-2 (МАЭС-2) және Екібастұз мемлекеттік аудандық электр станциясына-1 (Болат Нұржанов атындағы МАЭС-1) барды. Кеңестің соңғы отырысында сапардың қорытындысы шығарылып, объектілерді жаңғырту және энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағыттары белгіленді.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесі қоғамдық бақылауды күшейтуге, ашықтықты арттыруға және Қор компаниялары тобының тұрақты дамуына бағытталған 13 отырыс өткізуді жоспарлады. Күн тәртібінде корпоративтік басқару, ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару), өндірістік қауіпсіздік, жекешелендіру, сондай-ақ басым мемлекеттік бастамаларды іске асыру тақырыптарын қамтитын стратегиялық мәселелер көзделген.

Жылдың басты тақырыптарының бірі - Қор компаниялары тобының 2024

жылғы жұмысының қорытындылары, «Самұрық-Энерго» АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен қоғамдық тыңдаулар, соның ішінде Атырау облысындағы тұщыландыру зауытында (Кендірлі) көшпелі отырысы.

Осылайша, Қоғамдық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары Қор қызметінің негізгі бағыттарын бақылауда жүйелі тәсілге ұмтылысты көрсетеді және қоғам, серіктестер мен мүдделі тараптардың сенімін арттыруға ықпал етеді.